

Еуропа Одағының Қазақстан Республикасындағы Өкілдігінің Басшысы

Елші Аурелия Бушездің құттықтау сөзі

Қазақстандық халықаралық адам құқықтары және заңдылықты сақтау бюросы «MediaNet» және Құқықтық саясатты зерттеу орталығымен әріптестікте іске асыратын, ЕО қаржыландыратын «2009-2012жж. арналған адам құқықтары саласындағы іс-әрекеттердің ұлттық жоспарын іске асыру барысына мониторинг» жобасы аясында

**Бала құқықтары және Әйелдер құқықтары бөлігінде 2009-2012жж. арналған адам құқықтары саласындағы іс-әрекеттердің ұлттық жоспарын орындау бойынша шолулар тұсаукесерлері жөнінде
ДӨҢГЕЛЕК ҮСТЕЛ**

2013 ж. 24 қаңтар

Құрметті төраға, ханымдар мен мырзалар, құрметті қонақтар,

Осы дөңгелек үстел отырысында Еуропа Одағының атынан Сіздерді құттықтау мен үшін өте қуанышты. Сіздер білетіндей балалар құқығы адамдардың жалпыға бірдей құқықтарының бөлігі болып табылады, ЕО оларды Балалар құқығы халықаралық және еуропалық шарттардың, атап айтқанда БҰҰ Бала құқықтары туралы конвенцияның (БҚК) және оған екі факультативті хаттаманың аясында сақтауға міндеттенді. БҚК жалпы төрт қағиданы белгілейді, олар балалардың барлық іс-әрекеттеріне қолданылады: кемсітушілікті болдырмау (2-б.), балалардың ең жақсы мүдделері (3-б.), баланың тірі қалуға және дамуға құқығы (6-б.) және баланың көзқарасын құрметтеу (12-б.).

Еуропалық негізгі құқықтар хартиясы (24-бап) балалардың аман-есендігі үшін қажет оларды қорғау және қамқорлыққа құқығын, айту еркіндігіне құқығын қоса, олардың құқықтарын тікелей тануды, олардың пікірі назарға алынуды және балалардың барлық іс-әрекеттеріне қатысты ең жақсы мүдделерін ескеру міндеттемесін қамтиды. Еуропа Одағы Мыңжылдықтың даму мақсаттарына (МДМ) жету ісіне шынайы берілгендігі фактісіне баса назар аударғым келеді. МДМ көбі балалар мен жасөспірімдердің аман-есендігімен және жетістікті дамуымен байланысты.

Балалар жастығына, тәжірибенің жоқтығына және ересектер жағынан қамқорлыққа тәуелділігіне байланысты ЕО сыртқы байланыстарының, даму және гуманитарлық көмек саласындағы оның саясатының назарында болады. Балалар әсіресе отбасы

ыдыраған жағдайда әлсіз және коммерциялық пайдалану мен адамдар саудасына ұшырағыш болады.

Балаларға инвестициялар салу бұл болашаққа инвестициялар салу болып табылады. Жаксы білімімен, оң идеалдарымен, дағдылармен және қоғам алдындағы жауапкершілік сезімімен жас адамдар мықты қоғамдық құндылықтарға бейімді ересектер болады, олар өз бірлестіктерінің әлеуметтік-экономикалық дамуына сындарлы үлес енгізуге дайын және енгізе алатын болады. Сонымен қатар мұндай оң қасиеттері бар балалар өз кезегінде өзінің балалары үшін қамқоршы ата-ана болады және олардың денсаулығына, білімі мен дұрыс тамақтануына қамқорлық жасайды.

Балалардың құқықтары олардың аналарының жалпы әйелдердің құқықтарымен тығыз байланысты. Аналардың жыныстық және репродуктивті денсаулығының әрі құқықтарының жоқтығы, сондай-ақ негізгі әлеуметтік қорғау жүйесімен жеткіліксіз қамтылуы олардың балаларының денсаулығы мен аман-есендігіне тікелей салдарын тигізеді. Әйелдер құқығына келсек, ЕО мен «БҰҰ - Әйелдер» құрылымы арасында 2012 жылғы 16 сәуірде қол қойылған Өзара түсіністік туралы меморандумды естеріңізге түсіруге рұқсат етіңіздер. Бүкіл әлемдегі әйелдердің гендерлік теңдігін қолдау және мүмкіндіктерін кеңейту мақсатында екі жетекші ұйым арасындағы әріптестікті тағы да растай отырып, ол тығыз ынтымақтастықты, ақпаратпен, сараптамалық біліммен және әйелдер құқықтарын тиімді жылжыту үшін талдау нәтижелерімен алмасуды қамтамасыз етеді. Негізінен ынтымақтастық бүкіл әлем бойынша экономика, саясат және әділеттік саласында шешім қабылдау үдерісінде әйелдер өкілдігін қамтамасыз етуге, сондай-ақ әйелдердің жұмысқа және әлеуметтік мүмкіндіктерге қол жетерлігіне шоғырланады. Ең бастысы, осы әріптестік аясында екі ұйым сексуалдық және гендерлік зорлық-зомбылықпен күресте өз күшін біріктіреді. Бұған зорлық-зомбылықтан тірі қалған құрбандарға үлкен қолдау мен қорғау беруге және зиян шеккен әйелдер үшін қолдау мен көрсетілетін қызметтерге қол жетерлігін кеңейтуге бейілділік кіреді.

ЕО өзінің сыртқы қызметін жүзеге асыру үшін адам құқықтары саласында аспаптардың кең жиынтығын әзірледі. Мұнда адам құқықтары жөніндегі нұсқаулар, демарштар мен декларациялар, Кеңес шешімдері, Жалпы қорғаныс саясаты мен қауіпсіздік шеңберіндегі түрлі миссиялар мен операцияларға адам құқықтары мен гендерлік құрам бөлікті енгізу кіреді. Осыған қоса демократияны және адам құқықтарын дамытуға

арналған Еуропалық Аспап (EIDHR) шеңберінде қаржыландырылатын әртүрлі іс-шаралар, сондай-ақ көптарапты форумдарда (БҰҰ, ЕҚКҰ, Еуропа Кеңесі) жұмыс жүргізіледі.

Іс жүзінде, Қазақстандық халықаралық адам құқықтары және заңдылықты сақтау бюросына сай бұл, демократияны және адам құқықтарын дамытуға арналған Еуропалық Аспап шеңберінде 240 000 евро сомасына ЕО қаржыландыратын «2009-2012жж. арналған адам құқықтары саласындағы іс-әрекеттердің ұлттық жоспарын іске асыру барысына мониторинг» атауымен екі жылдық жобаның мақсаты – тәуелсіз Қазақстан тарихындағы бірінші адам құқықтары саласындағы ұлттық іс-әрекеттер жоспарына объективті және тәуелсіз баға беру. Жоба: мониторинг, есептілік және адвокаттық дәйекті үш бағытта іске асырылады, оны ұлттық және халықаралық деңгейлерде Құқықтық саясатты зерттеу орталығы және «MediaNet» ынтымақтастықта жүргізеді.

Маған бұл жобаның маңыздылығы туралы және Қазақстандық халықаралық адам құқықтары және заңдылықты сақтау бюросымен, сондай-ақ Құқықтық саясатты зерттеу орталығымен және «MediaNet»-пен ынтымақтастығымызды біз қалай бағалайтынымызды реті келіп тұрғанда пайдаланып қалып, айтуға рұқсат етіңіздер.

Кейбір кемшіліктерді қарауға болатын мұндай дөңгелек үстел өте пайдалы деп ойлаймын. Сондықтан Сіздерге табысты пікірсайыстар тілеуге және осы оқиға ауқымды қоғамдық бақылау іс-шараларына өз үлесін қосады әрі елдегі балалар құқықтары мен әйелдер құқықтары мониторингіне, сондай-ақ Қазақстанның халықаралық міндеттемелеріне бағытталған бірлескен қызметтің жалғасатынына сенім білдіруге рұқсат етіңіздер.

Назарларыңызға рақмет.